

болмақ.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Хакім Абай «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан. Бұл нақыл сөзге Мемлекет басшысы ретінде қосарым: Өркениетті әрі озық елдің заңы – әділ, билігі – білікті, ал азаматтары саналы және белсенді болары хақ. Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді. Біз, аға буын өкілдері, еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды өзіміз үлгі көрсету арқылы дәріптеуіміз керек. Жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз, жалқау, енжар, масыл болмауға тиіс. Оларды осындай теріс әдеттерден қашық болуға үйретуіміз керек»-деп атап көрсетті. Қазіргі жастарымыздың рухани жағынан азуы, өмір құндылығына көзқарасы рухани байлықтан гөрі материалдыққа, қалта толтыру пиғылына ұласып келеді. Жастардың сана-сезімінде рухани ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан гөрі батыстық, еуропалық тіршілік идеологиясы басым. Мемлекетіміздің ертеңгі болашағы – жастарымызды осы жолдан арашалап, рухани дамуға бағыттау әрбір педагогтың міндетінде.

Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі Шәкәрім:

«Адалдық борыш, ар үшін,

Барша азамат қамы үшін,

Серт берген еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін»-деп адалдық көрінісін шебер жеткізе білді.

Шәкәрім: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан да басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді»-деп есептейді. Шынында да, құнды қасиеттерге ие рухани адамды қалыптастыру – оның туған кезінен басталса керек. Қазақтар: «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»-десе, халқымыздың бойына сіңген, атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратынын жоққа шығара алмаймыз.

Ұлы Абайдың сөз өнеріне деген ерекше ықыласын сезіне жүріп қалыптасқан Шәкәрім о бастан ақ, ақындық өнер жолындағы өзінің билік нысанын, асыл мұратын жете түсінді. Лирикалық поэзияны айрықша қастерлі дүние деп есептеді. Шәкәрімнің мектебі де, университеті де – Абай. Абай жолын қуған ақын тарихы өн бойында қалыптасқан қазақ халқының жан-дүниесімен ұлт санасындағы наным-сенім, ұғым-түсініктен хабар беретін философиялық құбылысты игеруге арналады.

Шәкәрімнің «Иманым» деген үлкен тақырыпты қамтитын циклды өлеңдері Шығыс үлгісінде жазылған философиялық еңбек. Онда ол «...адам бойындағы асыл қасиеттерді ержүректік, қайтпас қайсарлық, ақыл мен күш, ептілік, елге, жерге, отбасына мейірімділік шапағаты деп түйіндейді [127].

Өмір және ақындық тәжірибесі толыққан кезде Шәкәрімнің ерекше тоқталатын тақырыптарының бастысы – адам тағдыры, адам өмірінің мәні. Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «адам немене?» деген өлеңдерінде көрініс тапқан. «Адамшылық» өлеңінде:

Мейірім – жақсы, зұлымдық жаман дейсің,

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп?

Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам

Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек, - деп түйін жасайды.

Шәкәрімнің адамгершілік ілімінің, адам тәрбиесінің негізінде ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениет жатыр. Ол көне түркі дәстүрлі дүниетанымы, ортағасырлардағы ислам философиясынан туындаған сопылық дүниетаным, «жүрек», «ішкі дүние», «хәл» және «қал» ілімдері, сопылық дүниетанымды прагматикалық түрде тұтынған ақын-жыраулардың «адам бол» қағидасы Абай шығармашылығында «толық

адам» іліміне, Шәкәрімнің «ар іліміне» келіп құяды. Ішкі жан дүние тазалығы, ішкі жан дүниені жетілдіру, арлы болу, қанағат, терең ой концепциялары – қазақтың ұлттық тәрбиесінің, адам тәрбиесінің негізгі категориялары, тіректері.

Адамның рухани жетілуі жайлы ой қозғаған Абайдың рухани шәкірті Шәкәрімнің пікірінше рухани қасиеттердің тұрағы «жан». Ол өзінің «Үш анық» еңбегінде жан мен тән, жаратылыстың сыры, рухани құндылықтардың адам тіршілігі үшін маңыздылығын айқындайды. Шәкәрім: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс-ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім дейді. Ұждан – адамның ішкі жан-дүниесіндегі рухани әлемнің тірегі. Шәкәрім «шын таза жан» мәселесіне кеңінен келеді. Осы ойын былай дәлелдейді:

Шын таза жан тазалықпен  
Тәңірісіне бармақ ол.  
Мейірім, ынсап, әділетте,  
Ағызам деп нұр бұлақ. – дейді [14].

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады.

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?  
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?  
Көз жұмып, "көппен көрген ұлы той" деп,  
Береді бұл надандық кімге пайда?  
"Ақылды сол - нысап пен ар сақтайды,  
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды",- деген шумақтар да Шәкәрімнің ар ғылымына

дәлел боларлық өлең жолдары.

Шәкәрім ар түзейтін ғылым жағында. Ол «ар білімін» жақтайды. Соның аты озғанын қалайды. Оның «Таза ақыл», «ақ жүрек» дегені жай бір кеңес емес, адамгершілік философиясынан тарайды. Ізгілік, әділеттілік бар істе де басты болуы керек. «Ар ілімі» негізін қалайтын «арлы ақыл», «адал еңбек», ақ жүрек» парадигмалары ұлттық тәрбиенің тіректеріне айналғаны абзал.[46]

«Насихат», «Жастық», «Кәрілік», «Ақындарға», «Адамшылық», «Бостандық таңы атты», «Дүние мен өмір», «Ел қайда?», «Мұңды шал», «Бояулы суыр» өлеңдерінде ақын дүние танымының ерекшелігін көреміз. Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы терең философиялық ойшылдыққа толы. Ол адам мәселесін байыптылықпен, өткір түрде алға қойып, адамның өнегелі қасиеттері туралы ой толғап, адам баласының имани тұрғыдан жетілуін жырлайды. Ақын адам мәселесі және оның қоршаған ортаға қатысты, адам өмірінің мәні жайлы терең ізденістерге барады. Оның кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасын адам жайлы энциклопедия деп есептеуге болады. Шәкәрім, қазақ халқының дәстүрлі ой – танымы мен поэтикалық талғамын бұзбай, өз халқына бүкіл адамзаттың рухани болмысын біртектес, біртұтас етіп көрсетеді.[66] Шәкәрімнің ұлағатты сөздеріне жүгінсек, ол қалам тартпаған, ол ой толғамаған адамгершілік пен өркениеттілік мәселелері кемде – кем. Адамдық, адалдық, табиғатпен үйлесімділік, ұрпақ тәрбиесі, ғылым мен білімнің ұлт өркендеуіне маңызы, қазақ жұрты бойындағы кемшіліктер, махаббат, сенім т.б. өзекжарды құбылыстар Шәкәрім осылардың барлығының байыбына барып, табиғатын түсіне отырып, тереңнен толғайды. Адамның рухани құндылықтарды игеруі арқылы, қоғамды, елдің игілігін арттыруға болады, - деп есептейді. [68] Келер ұрпақтың надандық шырмауында болмай, озық өнегелі, халықтың рухани деңгейін өрге сүйрейтін азаматтары болуын қалайды. Өзінің шығармашылығын кейінгі жастардың оқып, үйренерін, сынға да аларына көзі жеткен еді.

Кетермін, артымда сөз, әнім қалар,  
Кейінгі жастар оқып ортаға алар.

Бірі жөн, бірі теріс айыпты деп,  
Таласып өздерінше сынға қалар.  
Табиғи заң – өткенді жаңа сынау,  
Жаманнан жиреніп жақсыны ұнау.  
Дәлелдеуге өлген соң келмес тілім,  
Тірлігімде айтатын сөзім мынау.  
Сынау қиын біреудің жолын білмей,  
Кетпе өмірін, ортасын көзіңе ілмей.  
Ауыр жүк арқалаған жолаушыға,

Жағада жүксіз тұрған жанша күлмей - деп ақын болашақ қазақ жастарының рухани дәрежесіне үмітпен қарайды [70].

Шәкәрім шығармашылығындағы адамгершілік мәселесі – қазақтың рухани әлеміне ықпалы күшті, жаңа бағыт, жаңа үлгі. Себебі, онда қоғамдық рухани өмір туралы, руханияттың адамзатты тәрбиелеуі мен орны туралы ерекше қайталанбас ой-тұжырымдары айшықталады [75].

Артында мол мұра қалдырған Шәкәрім тұжырымдамасы бойынша, «Адамда екі түрлі мақсат бар: оның бірі - тән мақсұты, екіншісі – жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамның ар мен адал еңбек іздейтіні – жан мақсұты. Бастапқыны көкसेген адам зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мақтан, мансап табуға құмар болады. Соңғыны көкसेген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адамды ала көруді, қияна қылуды ұнатпайды...», -деп имандылық қасиеттеріне баға берді. Сонымен қатар ол жеке тұлғаның рухани-адамгершілік жағынан жетілуі үшін өзін-өзі сынаудың маңыздылығына ерекше көңіл бөледі. Оны мыны өлең жолдарынан байқаймыз: «Өз бойын тексере білген адам кемшілігін түзеуі оңай». Себебі адамның рухани-адамгершілік тұрғысынан жетілуінің нәтижесі – оның өз кемшілігін анықтап, тексере білгендігінде [119].

Шәкәрім шығармашылығындағы адам тәрбиесіне қатысты айтылған ойларды қазіргі кезеңде жастарды имани құндылықтармен тәрбиелеуге қажетті ұстанымға айналдыруға болады. Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Елімізде жастар тәрбиесінің құлдырауы ел болашағының дамуына кедергі. Тәрбие жұмысы мен жастар саясатының мазмұндық күретамырын адамгершілік, адамды сүю, шыншылдық, әділеттілік, әдептілік, халықтардың өзара түсінісуі, еңбекқорлық, шығармашылық, отаншылдық рухта болуы айшықталады.

Бүгінгі күнде тәрбие беру істерінде Абайдың, Шәкәрімнің т.б. ойшылдардың еңбектеріндегі өзекті қағидалық идеяларды басшылыққа ала отырып жұмысты дұрыс ұйымдастыра аламыз. Себебі олар «дұрыс адамды», «толық адамды», «кемел адамды» қалай қалыптастыруға болатындығын айтып кеткен. Біз дана бабаларымыз айтқан үлгілерді басшылыққа ала отырып бүгінгі таңда тәрбие жұмысын «үш бағдар» негізінде ұйымдастырған дұрыс деп есептейміз.

**Қорытынды.** Шәкәрімнің көтерген «адам түзету» идеясы Қазақстан халқының бүгінгі өмірі үшін маңызды. Тәуелсіз еліміздің азаматтары Шәкәрім көкसेген адамдық сапаларға қол жеткізіп отырса, елдің рухани өмірі, шаруашылығы мен ой-білімі үлкен биіктерге көтеріле берері даусыз болса, оның «түзу адам» концепциясы бүгінгі күнгі ұлт тәрбиесі үшін маңызы зор деп білеміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы – аса кернеулі, заңғар маңызды, салиқалы да, сындарлы. Ендеше, оны зерттеу – бір күннің, бір жылдың үлесі ғана емес, заманалар еншісінде қала бермек.

Қорыта айтқанда, болашақтың тұтқасы жас ұрпақты толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Сондықтан да ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Мақсатымыз – Шәкәрім

поэзиясындағы адам концепсияын, жаңа заман адамын қарастыру. Сөйтіп, ақын армандаған жан-жақты дамыған, ой санасы таза, көкірегі алғыр жастарды тәрбиелеп шығару үшін оқу орындарында, қоғамдық орындарда, отбасында Шәкәрімнің көркем тұжырымдары мен көзқарастарын пайдалануды жүзеге асыру.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-mobtraining/press/news/details/1063758>
2. Еспенбетов, А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. – Алматы, 2008. – 240 б.
3. Есім, Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы, 2010. – 336 б.
4. Жеменей, И. Хафиз – Шәкәрім рухани үндестігі. – Алматы, 2018. – 148 б.
5. Мағауин, М. Бес арыс.– Алматы, 1992.– 210 б.
6. Ізтілеуова, С. Шәкәрімнің сырлы сөзі - Алматы, 2004.- 144 б.
7. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.М.Мағауин. – Алматы, 1988.– 252б.
8. Шаңбай, Т. Ұғым мәдениеті (Шәкәрім шығармашылығы аясында). – Алматы, 2010. – 352 б. (Шәкәрім әлемі).
9. Шәкәрім: ғылыми-педагогикалық журнал. – Семей: Семей мемлекеттік педагогикалық институты, 2009.– 114 б.
10. Шәкәрімтану мәселелері 1-2-том: сериялық ғылыми жинақ.– Алматы, 2007.– 376 б.
11. Ізтілеуова, С. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі.– Алматы, 2011.– 164 б.
12. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі/Н.А.Асанов, Н.С.Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова.– Алматы, 2018.–168 б.